



ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕР!

Құрметті достар, біз сіздердің әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биология және биотехнология факультетіне келгендеріңізге қуаныштымыз!

Біздің факультет 1934 жылы ҚазМУ ашығаннан бастап құрылған алғашқы факультеттің бірі болып табылады. Қазір жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулерде және мамандарды дайындау барысында қолданылатын заманауи оқу бағдарламаларына сәйкес биология және биотехнология факультеті деп аталады. Факультет құрамында 4 кафедра бар: биоалуантүрлілік және биоресурстар, биотехнология, молекулалық биология және генетика, биофизика және биомедицина, сондай-ақ биоклиника және агробиостанция.

Құрметті талапкер! Егер де сіз сапалы білім алғыңыз әрі заманауи мамандықтардың иесі болғыңыз және мансаптық өсу сатысының әрдайым жоғарылауын қамтамасыз еткіңіз келсе, біз сізді сапалы білім мен ғылыми зерттеулер жүргізуге барлық жағдайлар жасалған биология және биотехнология факультетінде күтеміз.

Қызықты да керемет оқиғаларға толы студенттік жылдарға қош келдіңіздер!



БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ
БИОТЕХНОЛОГИЯ
ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ДЕКАНЫ,
биология ғылымдарының
докторы, профессор,
ҚР ҰҒА – Академик
Б.К. ЗАЯДАН



ФАКУЛЬТЕТ ТҮЛЭКТЕРІ ҚАЙДА ЖҰМЫС ІСТЕЙ АЛАДЫ...

ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультеті республикадағы іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізілетін алдыңғы қатарлы ғылыми орталықтардың бірі.

Факультетте 4 кафедра: биотехнология, биоалуантүрлілік және биоресурстар, биофизика, биомедицина және нейроғылым, молекулалық биология және генетика; 2 ғылыми-зерттеу институты — ҒЗИ биология және биотехнология мәселелерімен ҒЗИ экология мәселелері, сондай-ақ, бірегей биологиялық мұражай белсенді жұмыс жасайды. Биология және биотехнология факультетінің биолог мамандар даярлау бойынша 87 жылдық тәжірибесі бар.

Факультет түлектері:

ҚР ғылыми зерттеу институттарында: Адам және жануарлар физиологиясының ғылыми-зерттеу институты, Онкология және радиология ғылыми зерттеу институты, М. Айтхожин атындағы Молекулалық биология және биохимия институты, Микробиология және вирусология ғылыми зерттеу институты, Өсімдіктер биологиясы және биотехнология институты, Ұлттық биотехнология орталығы, Зоология институты, Жалпы генетика және цитология институты, Өсімдіктерді қорғау және карантин институты және т.б.

Биология, биотехнология, ауыл шаруашылығы, экология салаларында; Фармакология және криминалистика салаларында: ВиваФарм, Инфекцияға қарсы препараттар ҒО, Антиген және т.б.

Еліміздің ірі өнеркәсіп орындарында: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ; Байсерке — Агро және т.б.

Генетика, молекулалық биология салаларында;

Гендік инженерия саласында;

Медициналық орталықтарда: Кереметтері «Smart Health» диагностикалық медицина орталығы, «Экомед» ЭКО және репродуктивті медицина орталығы және т.б.

Білім беру орталықтарында; мұражай және т.б. қызмет атқарады.

Білім беру мекемелерінде: Қазақ ұлттық аграрлық университеті (ҚазҰАУ), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (ҚазҰПУ), Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті (ҚазҰМУ), І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Тараз мемлекеттік педагогикалық институты және т.б.



БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ – ТҮЛЕКТЕРІМІЗ



Смагулов Н.Ә.
ASTANA MOTORS GROUP
президенті



Шигаева М.Х.
ҚР ҰҒА академигі



Дос Сарбасов, PhD,
Техас Университетінің
профессоры



Абжанов А.
PhD, Гарвард
университетінің
профессоры



Илья Дигель
Аахен университетінің
профессоры



Дюсенов О.К.
ЖШС
KazEcoSolutions
директоры



Байкошкарова С.Б.
б.ғ.д., профессоры
CLINIC EcoMed
желісінің жетекшісі



Берсимбай Р.И.
ҚР ҰҒА академигі



Айтхожина Н.А.
ҚР ҰҒА президенті



ФАКУЛЬТЕТ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БАКАЛАВРИАТ, МАГИСТРАТУРА

Биология және биотехнология факультетінің мамандықтарына пәндерді оқыту білім алушының таңдауы бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

В050 – Биологиялық және сабақтас ғылымдар:

Биологиялық және сабақтас ғылымдар білім беру бағдарламалары

– Бакалавриат

- 6В05103 – Биотехнология
- 6В05103 – Биотехнология (НЗМ)
- 6В05101 – Биологиялық инженерия
- 6В05102 – Биология (НЗМ)
- 6В05102 – Биология
- 6В05104 – Биофизика
- 6В05105 – Генетика
- 6В05106 – Геоботаника
- 6В05107 – Микробиология
- 6В05108 – Биомедицина
- 6В08401 - Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау
- 6В05109 – Нейронаука
- 6В08402 – Аквакультура және су биологиялық ресурстары

7М051 – Биологиялық және сабақтас ғылымдар:

Биологиялық және сабақтас ғылымдар білім беру бағдарламалары

– магистратура:

- 7М01504 – Биология
- 7М05101 – Биология
- 7М05102 – Биомедицина
- 7М05103 – Биофизика
- 7М05104 - IT - Генетика
- 7М05105 – Генетика
- 7М05106 – Генетика (1 жыл)
- 7М05107 – Генетика (1,5 жыл)
- 7М05108 – Фитобиотехнология
- 7М05109 – Биотехнология
- 7М05110 – Тағамдық Биотехнология
- 7М05111 – Тағам өнеркәсібіндегі нанотехнологиялар
- 7М05112 – Геоботаника
- 7М05201 – Қоршаған орта биотехнологиясы
- 7М08401 – Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау
- 7М05114 – Вирусология
- 7М05113 – Нейроғылым
- 7М08402 – Аквакультура және су биологиялық ресурстары:



PhD ДОКТОРАНТУРА

8D051 – Биологиялық және сабақтас ғылымдар:

Биологиялық және сабақтас ғылымдар білім беру бағдарламалары:

- 8D05101 - Биология
- 8D05102 - Биомедицина
- 8D05103 - Биофизика
- 8D05104 - Генетика
- 8D05105 - Биотехнология
- 8D05106 - Тағам өнеркәсібіндегі нанотехнология
- 8D05107 - Фитобиотехнология
- 8D05108 - Геоботаника
- 8D05201 - Қоршаған орта биотехнологиясы
- 8D08401 - Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау
- 8D05110 - Вирусология
- 8D05111 - Вирусология (Пари-Саклай Университетімен қос диплом алу)
- 8D05109 - Нейронаука
- В050 - Биологиялық және сабақтас ғылымдар — бакалавриат

Биологиялық және сабақтас ғылымдар білім беру бағдарламалары – бакалавриат:

6B05103 – Биотехнология, Биотехнология (НЗМ): Биотехнологтар тамақ және фармакологиялық өндірістерде, сертификациялық, экологиялық және зерттеу зертханаларында технолог, инженер, ғылыми қызметкер ретінде жұмыс істей алады.

6B05107 – Микробиология: Микробиологтар микробиолог технолог, дәрігер-зертханашы, санитарлық сарапшы, тамақ және фармакологиялық өндірістерде, сертификаттау және зерттеу зертханаларында, денсаулық сақтау органдарында жұмыс істей алады.

6B05102 – Биология (ғылыми), Биология (НЗМ): ғылыми-зерттеу және өндірістік қызмет; ғылыми және білім беру қызметі; эмбриология саласында; биотехнология саласында; микробиология саласында; генетика саласында; гендік инженерия саласында; ғылыми-зерттеу институттарында; диагностикалық орталықтарында.

6B05101 – Биологиялық инженерия (ағылшын тілінде): Биоинженерия саласындағы мамандардың қызметі: өзгертілген табиғи және жасанды ағзаларды алу және қолдану, геномдық және протеомикалық талдау; аурулардың молекулярлық диагностикалау әдістерін әзірлеу; жасушалық культуралардан негізінде препарат алу.

6B05108 – Биомедицина: білім бағдарламасының бакалавриат түлектері кәсіби қызметтің келесі түрлерін жүзеге асыруға қабілетті : ғылыми қызметкер; зертханашы, ЖОО-ғы техник, ғылыми-зерттеу институттарында, санитарлық-эпидемиологиялық станцияларда зертханашы; техник, зерттеуші-лаборант.

6B0510 – Биофизика: білім бағдарламасының бакалавриат түлектері кәсіби қызметтің келесі түрлерін жүзеге асыруға қабілетті: ғылыми қызметкер; зертхана маманы; маман; биолог-оқытушы; жоғары оқу орындарының оқу-көмекші персоналының маманы; зертханашы .



6В05105 – Генетика: білім бағдарламасының бакалавриат түлектері кәсіби қызметтің келесі түрлерін жүзеге асыруға қабілетті: Ғылым; Білім; Медицина; Ауыл шаруашылығы; Экология және қоршаған ортаны қорғау; Сот сараптамасы.

6В05106 – Геоботаника: ғылыми қызметкер, зертхана маманы, маман гео ботаник-оқытушы, жоғары оқу орындарының оқу-көмекші персоналының маманы, зертханашы.

6В08402 – Аквакультура және су биологиялық ресурстары: Аква өсіру кәсіпорындарында жұмыс істейді, бекіре, албырт, сазан және басқа да жаңа акваөсіру объектілерінің балықтарын өсіру биотехнологиясын жүзеге асырады, гидробийонттардың биологиялық ерекшеліктерін зерттеу әдістерін меңгерген.

6В08401 – Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау: Балықтарға және басқа да су гидробийонттарына биологиялық, ихтиологиялық талдаулар жасайды, балықтардың ауруларын зерттейді, суқоймалардың балық өнімділігін анықтай біледі, балықтарды қолдан ұрықтандыру технологиясын меңгерген әдістерін біледі.

6В05109 – Нейроғылым: Кәсіби қызмет саласындағы кадрларды даярлау келесі қызметтерді, кәсіптерді, біліктілік деңгейлерін қамтиды (кәсіптік стандартқа сәйкес қызмет түрлерін сипаттау):

- нейроғылым саласындағы зерттеуші;
- практик-зерттеуші;

7М051 – Биологиялық және сабақтас ғылымдар – магистратура:

М082 – Биотехнология – 7М05109: Магистратураны бітіргеннен кейін қайта өңдеу, микробиологиялық, өнеркәсіптік және фармацевтикалық өндірістердің өнеркәсіп-тік кәсіпорындарында және зертханаларында жұмыс жасай алады.

М087 – Қоршаған орта биотехнологиясы – 7М05201: Қоршаған ортаның жағдайын бақылау ұйымдары, Биотехнологиялық өнімдерді өндіру компаниялары, Санитарлық-эпидемиологиялық станциялар, ғылыми-зерттеу институттары, Тыңайтқыштар өндіру бойынша агроөнеркәсіптік компаниялар.

М082 – Фитобиотехнология – 7М05108: Фитобиотехнологтың қызмет саласы: ғылыми-зерттеу жұмысы арқылы ауыл шаруашылығы саласындағы дақылдарының жоғары өнімді жаңа сорттарының шығару маман; ғылыми қызметкер; өсімдіктер селекциясында, өсімдік шаруашылығында.

М082 – Тағам өнеркәсібіндегі нанотехнологиялар – 7М05111: «Тағам өнеркәсібіндегі нанотехнологиялар» болашақ мамандарды келесі бағыттарда даярлайды: тұлғаның талғамы бойынша иісі, дәмі және басқа да қасиеттерін өзгертетін Smart Food функционалдық тағам өнімдерін әзірлеу; толыққанды тағамдану мәселелерін шешу; түрлі мақсаттар үшін композиттік материалдарды, т.б.

М082 – Биотехнология – 7М05109: Магистратураны бітіргеннен кейін қайта өңдеу, микробиологиялық, өнеркәсіптік және фармацевтикалық өндірістердің өнеркәсіптік кәсіпорындарында және зертханаларында жұмыс жасай алады.

М087 – Қоршаған орта биотехнологиясы – 7М05201: Қоршаған ортаның жағдайын бақылау ұйымдары, Биотехнологиялық өнімдерді өндіру компаниялары, Санитарлық-эпидемиологиялық станция-



лар, ғылыми-зерттеу институттары, Тыңайтқыштар өндіру бойынша агроөнеркәсіптік компаниялар.

M082 – Фитобиотехнология – 7M05108: Фитобиотехнологтың қызмет саласы: ғылыми-зерттеу жұмысы арқылы ауыл шаруашылығы саласындағы дақылдарының жоғары өнімді жаңа сорттарының шығару маман; ғылыми қызметкер; өсімдіктер селекциясында, өсімдік шаруашылығында; фитофармакологияда дәрі-дәрмек немесе тағамдық қоспалардың құрамын және өндіру технологиясын әзірлеу фито-фармаколог.

M082 – Тағам өнеркәсібіндегі нанотехнологиялар – 7M05111: «Тағам өнеркәсібіндегі нанотехнологиялар» болашақ мамандарды келесі бағыттарда даярлайды: тұлғаның талғамы бойынша иісі, дәмі және басқа да қасиеттерін өзгертетін Smart Food функционалдық тағам өнімдерін әзірлеу; толыққанды тағамдану мәселелерін шешу; түрлі мақсаттар үшін композиттік материалдарды, т.б.

M082 – Тағамдық биотехнология – 7M 05109: Тағам өнеркәсібіндегі биотехнолог өндірілген тағам өнімінің сапасын бақылайды. Өнімді дайындау барысындағы процестердің бірізділігін қадағалайды. Тауарларды өндіруде өнімдердің рецептурасын жасайды және қоңдырғылардың жағдайын тексереді сонымен қатар, өндірістік ғимараттардағы температуралық режимді бақылайды.

M080 – Биология (ғылыми) – 7M05101: ғылыми-зерттеу және өндірістік қызмет; ғылыми және білім беру қызметі; эмбриология саласында; биотехнология саласында; микробиология саласында; генетика саласында; гендік инженерия саласында; ғылыми-зерттеу институттарында; диагностикалық орталықтар; эпидемиология; биологиялық нанотехнологиялар; ботаникада; зоологияда.

M080 – Биомедицина – 7M05102: білім бағдарламасының магистрант түлектері кәсіби қызметтің келесі түрлерін жүзеге асыруға қабілетті: ғылыми қызметкер; ғылыми-зерттеу институттарының зертханаларында, санитарлық-эпидемиологиялық станцияларда және биомедициналық мекемелерде маман; оқытушы-биомедик; техник, зерттеуші-лаборант.

M083 – Геоботаника – 7M05202: білім бағдарламасының магистрант түлектері кәсіби қызметтің келесі түрлерін жүзеге асыруға қабілетті: ғылыми қызметкер, зертхана маманы, маман, геоботаник-оқытушы.

M080 – Биофизика – 7M05103: білім бағдарламасының магистрант түлектері кәсіби қызметтің келесі түрлерін жүзеге асыруға қабілетті: ғылыми қызметкер; зертхана маманы; зертханашы; оқытушы-биофизик; жоғары оқу орындарының оқу-көмекші персоналының маманы.

M081 Генетика (1 жыл – 7M05106, 1,5 жыл – 7M05107, 2 жыл – 7M05105): білім бағдарламасының магистрант түлектері кәсіби қызметтің келесі түрлерін жүзеге асыруға қабілетті: Ғылыми институттар (Жалпы генетика және цитология институты, Өсімдіктер биологиясы және өсімдік биотехнологиясы институты, Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы және т.б.);

M081 – IT – Генетика – 7M05104: Ғылым; Білім; Медицина; Ауыл шаруашылығы; Экология және қоршаған ортаны қорғау; Сот сарапта-



масы.

M134 – Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау – 7M08401: Балық шаруашылығын ұйымдастыру, балық аулау кәсіпорындарындағы су қоймаларын сараптау; Бағалы балықтарды және омыртқасыз жануарларды жасанды өсіру жұмыстардың кешенін жүргізу.

7M08402 – Аквакультура және су биологиялық ресурстары: Аквакультура кәсіпорындарын ұйымдастырады, гидробионттардың биотехнологиясында жаңа және дәстүрлі әдістерді пайдаланады, генетика, селекция әдістерін меңгерген, балықтың жынысын анықтау бойынша қазіргі заманғы УДЗ жабдықтарымен жұмыс істей алады.

7M05114 – Вирусология: Білім беру (мемлекеттік және мемлекеттік емес бейіндегі жоғары оқу орындарында және басқа да оқу орындарында вирусологиялық және биологиялық пәндерді оқыту);

– Мемлекеттік басқару органдары (жеке және мемлекеттік ұйымдарда, кәсіпорындарда, зертханаларда, компаниялар мен институттарда басқарушылық қызметті жүзеге асыру;

7M05113 – Нейроғылым: Кәсіби қызмет саласындағы кадрларды даярлау келесі қызмет түрлерін, кәсіптерді, біліктілік деңгейлерін қамтиды (кәсіптік стандартқа сәйкес қызмет түрлерін көрсету):

- Ғалым-зерттеуші;
- Практик-зерттеуші;

7M01 – Биология педагогтерін даярлау

M014 – жаратылыстану-ғылыми пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау

M014 – Биология – 7M01504: Биолог-оқытушы, педагог, оқу-көмекші персонал маманы, зертханашы, ғылыми қызметкер, маман

8D051 – Биологиялық және сабақтас ғылымдар – докторантура:

D082 – Биотехнология – 8D05105: Биотехнология мамандығы бойынша білім беру бағдарламасын табысты меңгерген докторанттар халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандар болады және өзін: ғылыми-зерттеу институттарында ғылыми қызметкерлер; жоғары оқу орындарындағы оқытушылар.

D087 – Қоршаған орта биотехнологиясы – 8D05201: Қоршаған ортаның жағдайын бақылау ұйымдары, Биотехнологиялық өнімдерді өндіру компаниялары, Санитарлық-эпидемиологиялық станциялар, Ғылыми-зерттеу институттары, Тыңайтқыштар өндіру бойынша агроөнеркәсіптік компаниялар.

D082 – Фитобиотехнология – 8D05107: (Фитобиотехнологтың қызмет саласы) ғылыми-зерттеу жұмысы арқылы ауыл шаруашылығы саласындағы дақылдарының жоғары өнімді жаңа сорттарының шығару-маман; аға ғылыми қызметкер; өсімдіктер селекциясында, өсімдік шаруашылығында саласында жоғары оқу орнының оқытушысы

D082 – Тағам өнеркәсібіндегі нанотехнология – 8D05106: Биотехнологиялық өндірісте, гендік инженерияның, нанобиотехнологияның, молекулалы моделдеудің негіздері жөніндегі заманауи көзқарасты іздестіру жұмысын жүзеге асыру, заманауи аппарат-



тар мен құрылғыларды, дала ғылыми-зерттеу және лабораториялық биологиялық жұмыстар жүргізу үшін жұмысқа қосу.

D080 – Биология (ғылыми) – 8D0510: ғылыми-зерттеу және өндірістік қызмет; ғылыми және білім беру қызметі; эмбриология саласында; биотехнология саласында; микробиология саласында; генетика саласында; гендік инженерия саласында.

D080 – Биомедицина – 8D05102: білім бағдарламасының докторант түлектері кәсіби қызметтің келесі түрлерін жүзеге асыруға қабілетті: ғылыми қызметкер; ғылыми-зерттеу институттарында, ЖОО да оқытушы-биомедик.

D080 – Биофизика – 8D05103: білім бағдарламасының докторант түлектері кәсіби қызметтің келесі түрлерін жүзеге асыруға қабілетті: ғылыми қызметкер, зертхана маманы; биофизик-оқытушы, сарапшы

D083 – Геоботаника – 8D05108: білім бағдарламасының докторант түлектері кәсіби қызметтің келесі түрлерін жүзеге асыруға қабілетті: ғылыми қызметкер, зертхана маманы, маман, геоботаник-оқытушы.

D081 – Генетика – 8D05104: білім беру бағдарламасының түлектері жұмыс істей алады: Ғылыми институттар (Жалпы генетика және цитология институты, Өсімдіктер биологиясы және өсімдік биотехнологиясы институты, Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы және т.б.); Мамандандырылған зертханалар (медициналық-генетикалық, СТҮ (ЭКО), криминалистикалық); Қалалық және облыстық перинаталды орталықтар; Білім беру мекемелері.

D134 – Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау – 8D08401: балық шаруашылығының барлық түрлерінде су биологиялық ресурстарын тиімді пайдалануды қорғау және бақылау бойынша жұмыстар кешенін жоспарлау және ұйымдастыру; балық шаруашылығын жобалау; балық шаруашылығының барлық түрлерінде өсірілетін объектілердің сапасын басқару.

8D05109 – НЕЙРОҒЫЛЫМ: Кәсіби қызмет саласындағы кадрларды даярлау келесі қызмет түрлерін, кәсіптерді, біліктілік деңгейлерін қамтиды (кәсіптік стандартқа сәйкес қызмет түрлерін көрсету):

- Ғалым-зерттеуші;
- Практик-зерттеуші;

8D05110-Вирусология: Білім беру (мемлекеттік және мемлекеттік емес бейіндегі жоғары оқу орындарында және басқа да оқу орындарында вирусологиялық және биологиялық пәндерді оқыту);



ФАКУЛЬТЕТИМІЗ ЖАЙЛЫ ПІКІРЛЕР

Мен Асем Шарипбай, биотехнология маман-дығы бойынша бакалаврды бітірген ҚазҰУ түлегімін және де қазір бірінші курс магистрантымын. ҚазҰУ мен ISA Lille (Франция) арасындағы коллаборация арқасында, қазіргі уақытта ISA Lille университетінде білім алудамын. Кәсіби дағдыларды дамытуға аса зор көңіл бөлетін университетте білім алу мүмкіндігіне ие болғаным өте қуаныштымын. ҚазҰУ профессорларына берген білімдері үшін алғысым шексіз.

Бүкіл академиялық ұтқырлық кезеңіндегі шығындар Erasmus + грантымен өтеледі.



Мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Биология және биотехнология факультеті, Биотехнология кафедрасының 2курс магистранты Гениевская Юлиямын.

Менің қазіргі айналысатын ғылыми бағытым Қазақстан бидайының саңырауқұлақ ауруларына төзімділігінің молекулалық генетикасына арналады. Біздің факультет биология ғылымының барлық аспектілерін мұндағы, молекулалық биологиядан медициналық зерттеулерге дейінгі жұмыстарды жасауға жағдай жасайды. Биотехнология кафедрасында 2014 жылдан оқимын, осы жылдарда таңдаған мамандығым өкінбеймін. Біздің факультет студенттер мен білікті ұстаздарымен шексіз, оқытушылар кәсібін терең меңгерген мамандар, әрбір студенттерге көмектесуге дайын. Осы жылы көктемде Әлемнің ең үздік университеті Oxford - қа түсуге мүмкіндік туды. Мұнда мен ҚазҰУ - нің басқа факультеттерінің студенттерімен тағылымдамадан өттім.



Каналбек Гүлзат Қайратбекқызы, биотехнология мамандығы бойынша ҚазҰУ-нің бакалавр және магистратура түлегімін.

ҚазҰУ-нің халықаралық білім беру бағдарламасына мүше болуының басты мақсаты - жоғары білім беру жүйесін дамыту, оның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Дәл осы мақсатта мен магистратурада бағдарламасы бойынша биотехнология мамандығында оқып, Белгородтық Мемлекеттік Университеті мен Қазақ Ұлттық Университетінің қос дипломын алып техникалық ғылымдарының магистрі атандым.

Бұл — оқуды енді тәмамдаған түлектерге дәрежелі жұмысқа орналасуға үлкен мүмкіндік!





СТУДЕНТТІК ӨМІР



Болон үдерісі бойынша
студенттік бюро жиналысы



Балалар үйіне қамқорлық жасау



Ең үздік студенттік топ



Медеудегі спорттық шараға қатысу

ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ



Университет Саленто
(Италия) Біріккен оқу
бағдарламасы бойынша 2
семестр білім алу.



Биотехнология мамандығы бойынша
Қос диплом бағдарламасы аясында
БелМУ (Ресей) білім алу.



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Биология және биотехнология факультеті



Lille University (Франция)
Тағам биотехнологиясы
біріккен оқу бағдарламасы
бойынша 2 семестр білім алу.



Ulta Electronic University (Чехия)
Магистратурадағы тағылым алу
бағдарламасы.

ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



ОТАНДЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТЕРІМІЗ

